



Биологиялық қауіпсіздік проблемаларының ғылыми-зерттеу институты
Биоэтика жөніндегі жергілікті комиссия

SOP-12 Зерттеулердің қорытынды есептерін қарау
1.0 нұсқа | 1 / 3 бет

БЕКІТЕМІН

«Биологиялық қауіпсіздік
проблемаларының ғылыми-зерттеу
институты» ЖШС

Бас директоры

_____ Жугунисов К.Д.

« _____ » _____ 20__ ж.

Зерттеулердің қорытынды есептерін қарау SOP-12

ҚАРАЛДЫ

Жергілікті биоэтика комиссиясының отырысында

№ ____ хаттама

« ____ » _____ 20__ ж.



Зерттеулердің қорытынды есептерін қарау

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы стандартты операциялық рәсім Жергілікті биоэтика комиссиясы (бұдан әрі – Комиссия, ЖБК) бұрын мақұлдаған зерттеулер бойынша ұсынылатын қорытынды есептерді қарау тәртібін белгілейді.

1.2. Қорытынды есеп зерттеу аяқталғаннан кейін қаралады.

1.3. Қараудың мақсаты – зерттеудің бекітілген протоколға және биоэтикалық талаптарға сәйкес жүргізілгенін растау.

2. Қорытынды есепті ұсыну

2.1. Зерттеу аяқталғаннан кейін зерттеу жетекшісі Комиссияға қорытынды есеп ұсынады.

2.2. Қорытынды есеп келесі мәліметтерді қамтуы тиіс:

- зерттеудің атауы;
- зерттеу жетекшісі туралы мәліметтер;
- жүргізілген зерттеудің қысқаша сипаттамасы;
- зерттеудің негізгі нәтижелері;
- биоэтикалық талаптардың сақталуы туралы ақпарат;
- туындаған мәселелер немесе зерттеу протоколынан ауытқулар туралы ақпарат.

3. Әкімшілік тексеру

3.1. Комиссия хатшысы ұсынылған есепке әкімшілік тексеру жүргізеді.

3.2. Тексеру барысында:

- қажетті мәліметтердің болуы;
- есептің дұрыс рәсімделуі тексеріледі.

4. Қорытынды есепті қарау

4.1. Қорытынды есеп Комиссияның қарауына ұсынылады.

4.2. Комиссия келесілерді бағалайды:

- жүргізілген зерттеудің бекітілген протоколға сәйкестігін;
- биоэтикалық талаптардың сақталуын;
- зерттеу протоколының бұзылу жағдайларының болуын.



5. Комиссия шешімдері

5.1. Қарау нәтижелері бойынша Комиссия келесі шешімдердің бірін қабылдайды:

- қорытынды есепті қабылдау;
- қосымша ақпарат сұрату;
- анықталған бұзушылықтарды қарау.

5.2. Қорытынды есеп қабылданғаннан кейін зерттеу аяқталған болып есептеледі.

6. Құжаттандыру

6.1. Қорытынды есепті қарау туралы ақпарат Комиссия құжаттамасында тіркеледі.

6.2. Қорытынды есеп тиісті зерттеудің материалдарында сақталады.

7. Қорытынды ережелер

7.1. Осы SOP талаптарының сақталуын бақылауды Комиссия төрағасы жүзеге асырады.

7.2. Комиссия хатшысы қорытынды есептерді қарауға байланысты құжаттардың сақталуын қамтамасыз етеді.

7.3. Осы SOP институт басшысының бұйрығымен күшіне енгізіледі.